

Қазыналы қарияларға құрм Ахмет ауылы

Ахмет ауыл кеңшары «Наурыз» тойхана-сында көнекөз қарияларды Қарттар күнімен құттықтап, мерекелік шара өткізді. Ауыл әкімі Исакова М.М. қолдауыменен ауылдың азаматтары, кәсіпкерлері, фермерлік шаруашылықтары, шаруа қожалықтары мен

жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қол ұшын созып, осындай игі салтанатты отыры-сты ұйымдастыруға демеушілік көрсетті.

Бұл күнді асыға күткен қарттар бір-бірімен көңілді әңгіме-дүкен құрып, пікір алмасты. Тойханада әдемі әуен қалықтап, ата-әжелер көңілін бір көтеріп тастағандай болды. Мәдениет үйінің меңгерушісі Ивашкина Рау-шан, Толеубаева Джамиля және Каусылова Гүлнардың орындауында әуенді әндер шарықтады. С.Сейфуллин мектебінің оқушылары да қарттарға ән шашуын ала келді. Іс-шарада ұлттық билер биленіп, екі тілде әндер айтылып, ата-әжелерге көтеріңкі көңіл-күй сыйланды.

Ауыл әкімі Исакова М.М., ақсақалдар кеңесінің төрайымы Баграмова Р.К. және қоғамдық кеңес мүшесі Серых Е.В. қарттарды мейрамдарымен құттықтап, денсаулық, отбасыларына амандық, орталары ортаймай жүре берулеріне тілек етті. Кеңшарымыздың сыйлы, аяулы және көп балалы әжелері: Жа-панова Дәкен, Султанова Сарқыт және Қыздарбекова Бақыт әжелеріміз алғысын білдіріп, баталарын берді. Сонымен қатар 1954-55 жылдары тың игеруші жерлесіміз Барнуков Николай қария қазақ халқының меймандылығына, бүгінгі отырысқа ризашылығын айтып, алғысын айтты.

Кошқумбаева Г.М.
Ахмет ауылдық
кітапханасының кітапханашысы